

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 11 қыркүйектегі N 1376 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 қарашадағы N 1175 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 904 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 904 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 11 қыркүйектегі N 1376 қаулысына (Қазақстан Республикасы Үкіметінің ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 40, 455-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

I-тармақта:

Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Қошанов Ерлан Жақанұлы - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар вице-министрі;

Курбатов Владимир Николаевич - Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі;

Лукин Андрей Иванович - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда вице-министрі;

Тасболатов Абай Бөлекбайұлы - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары;

мынадай:

"Рябченко Олег Григорьевич - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім бірінші вице-министрі;"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Рябченко Олег Григорьевич - Қазақстан Республикасының Ақпарат бірінші вице-министрі;"

көрсетілген құрамнан:

Әмрин Ғұсман Кәрімұлы, Андрищенко Александр Иванович, Лавриненко Юрий Иванович, Мерзадинов Ерғали Серікбайұлы шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК